

«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Салтақова Жанат Токтарқызының «Қазак шежіре жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы (авторлық жырлар негізінде)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.	Диссертация жұмысының тақырыбы мен мазмұны еліміз тәуелсіздік алғаннан бері рухани дамуының басты қағидағтары мен бағыттарын айқындайтын тұжырымдамалармен тығыз байланысты. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»; 7.2.7. «Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары» бағыттарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) Диссертация тақырыбының аясы «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары» атты жалпыұлттық идеялармен астасып жатыр. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына сәйкес келеді.

2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы жоғары. Жұмыста шежіре жырлар зерттеу нысаны ретінде тұңғыш рет қарастырылып, деректерді саралап, жаңа мағлұматтар табуынан, сонымен бірге еліміздегі сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорларында сақталған шежіре жыр мәтіндеріне ғылыми талдау жасап, жаңа концепция тұжырымдап, ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленеді. Жекелеген ғалымдардың зерттеулерін айтығанда, қазақ шежіре жырларының тарихилығы, жанрлық ерекшеліктері, поэтикасы жүйелі, мақсатты түрде зерттеу нысаны болған емес. Бүгінге дейін зерттеу нысанына айналмаған жырлар зерттеу жұмысының зәрулігі мен өзектілігін айқындайды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертацияда алынған нәтижелердің ішкі бірлігі мен авторлық қолтаңбасы айқын көрінеді. Изденушінің ғылыми тәжірбиесі бар екені көрініп тұр. Ой-пікірлері, тұжырымдары жүйелі әрі анық. Тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби маманның тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада қызмет жасауы – зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын нақты тұжырымдауға мүмкіндік берген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Ішкі бірлігі заңды түрде сақталған диссертация. Шежіре жанры – отандық әдебиеттану ғылымында әлі де ғылыми негіздеуді талап ететін жанрдың бірі. Сол себепті шежіретану саласына үлесін қосатын жүйелі зерттеулер қажет. Осы тұрғыдан алғанда ізденушінің диссертациялық жұмысының тақырыбы өте өзекті. Халқының рухын, қазақы менталитетті, ұлттымыздың рухани-адамгершілік құндылықтарын, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін көрсететін, ұлттық кодтың негізі болып саналатын шежіре жырларды жүйелі зерттеу, талдау қай тұрғыдан алғанда да маңызды. Алынған нәтижелер бір-бірімен байланыста жүйелі бірлікте қарастырылып, өзара сабақтастық сипаттарын берік сақтаған.</p>

<p>4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертация мазмұны «Шежіре жырлардың қайнар көздері және зерттелуі», «Шежіре жырлардың тарихилығы», «Қазақ шежіре жырларының жанрлық және көркемдік ерекшеліктері, поэтикасы» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Ізденуші зерттеу нысанына алынған мәселені бір жүйеде игере алған, негізгі мақсат-міндетін ашу барысындағы өз пікірін танымды талдаулармен дәлелдеген, диссертациясының мазмұны тақырыбын толық ашады.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ізденуші қазақ шежіре жырларының жанрлық ерекшеліктерін, тарихилығын анықтауды, поэтикасын зерделеуді алдына мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа сай бүгінге дейінгі жарияланған немесе әлі де баспа бетін көрмеген жырларды іздестіру, ғылыми айналымға түсіру, қолжазба үлгілерін араб (қадым, төте), латын жазуларындағы мәтіндерді қазіргі әріпке көшіру, басылымдары мен нұсқаларына тарихи-генетикалық зерттеулер жүргізу, шежіре жырлардың бастауы, қалыптасуы, дамуы, жанрлық сипаты жайындағы осы кезге дейін жарық көрген зерттеу еңбектерді негізге ала отырып, шежіре жырлар тарихи жырлардың бір түрі екендігін дәлелдеу; халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі шежірелік көріністердің, өмірбаяндық (ғұмырнамалық) баяндаулардың көркемдік қызметін айқындау; түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүріне назар аударып, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт халықтарының мұраларымен салыстыра зерттеп, жаңаша пайымдаулар жасау; халық ақындары шығармаларындағы шежіре жырдың ролін анықтау; бүгінгі күнге дейін зерттеу нысанына айналмағандығын ескере отырып, шежіре жырлардың поэтикасына қатысты салыстырулар жүргізіп, өзіндік түйіндеулер мен тұжырымдар ұсыну тәрізді міндеттер қояды. Зерттеу нысанына алынған мәселені бір жүйеде игере алғанын, негізгі мақсат-міндеттерін ашу барысында өз пікірін танымды талдаулармен дәлелдегенін байқаймыз.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Ізденуші жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай сатылы түрде зерттеулер жүргізген. Қол жеткізген нәтижелердің бір-бірін толықтыра отырып түйіндеуі сипаты, өзара</p>

	3) байланыс жок	<p>кұрылымдық сабақтастығы ізденушінің тақырыптан ауытқымай, жүйелі түрде дамытқан ғылыми талдаулары еңбектің табысы деп атауға болады. Диссертацияның барлық бөлімдері, тараулары соңғы зерттеу нәтижесінде сабақтастырылған ой қорытындыларымен түйінделген.</p>
4.5	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертацияда әрбір нәтиженің негізделуі мен дәйектелуі ізденуші жасаған қорытындының орнықтылығын, сыни талдаудың дұрыстығын айқындайды. Диссертацияның теориялық тұжырымдары әдебиеттанудағы зерттеулерге сүйене отырып жазылған. Жалпы, диссертант Ж.Салтақова тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларды ескере отырып, негізделген тұжырымдар жасаған.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа. Ізденуші диссертацияда шежіре жырлардың қалыптасу, даму тарихына үңіле отырып, шежіре тарқату дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері, атап айтсақ, көне түркілік кезеңнен бастап осы күнге дейін жеткен шежірелер әдеби және тарихи мұралар, авторлық көркем туындылар болып табылатындығы, олардың жалаң жазылған жылнамалық баяндау емес, көркем сөзбен кестеленіп жазылған эпикалық жанрдағы әдеби-тарихи туындылар екендігі және барлық шежіре жырлардың мазмұны мен пішіні өзара ұқсас болып келетіндігі, эпикалық сарында жырланатындығын саралаған. Жырлардағы уақытты бейнелейтін төрт қабат бар екенін ғалым А.Сейдімбектің еңбектеріне сүйене отырып дәлелдеген. Сонымен қатар, шежірелік уақыттың әрбір қабатына түсінік беріліп, шежіре жырлардан алынған мысалдар арқылы дәлелдеген. Шежіре жырлардың жанрлық сипатын айқындап, оны тарихи жырдың бір түрі ретінде тану қажеттілігін дәйектеп, «шежіре жырлар» атты ұғымға алғаш рет анықтама берген. Және қырғыз санжырашысы Күлүмбайұлы Молдоқматтың Қырғыз Ұлттық ғылым академиясының Қолжазбалар қорында сақталған «Санжыра дастан», «Мүйізді ене» атты шежіре жырларын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген.</p>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп есептеуге болады. Қорытындылар жеткілікті түрде ғылыми талдауларға негізделген. Қазақ шежіре жырларын тарихи жырдың бір тармағы ретінде ғылыми нанымды әрі дәлелді түрде зерделеген. Осы жағынан алғанда, ізденушінің ғылыми тұжырымдары жаңашылдығымен, ой жүйелілігімен және тұжырымдарының дәйектілігі мен жинаған материалдарды талдауынан көрініп тұр.</p>
<p>6.</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда көрініс тапқан ғылыми нәтижелердің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі мен шынайылығын ізденуші әдебиеттанудағы шежіре жырлардың мәселесіне қатысты кең ауқымды теориялық еңбектерге, салааралық деңгейдегі нақты тәжірибелік, қолданбалы зерттеулерге сүйенгендігінен, бүгінгі күн талабына сай кешенді талдау әдісін тиімді пайдаланғандығынан байқауға болады. Ізденушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.</p>
<p>7.</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1-қағидат. Белгілі бір рудың, жүздің, ұлттың немесе тарихи тұлғаның шығу тегіне байланысты туған тарихи жырлардың бір түрі шежіре жырлар деп аталады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиальды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жаңа (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Иә.</p>

<p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p><i>Мақала:</i> The historicity of Kazakh genealogy storytelling (zhyrt). – ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – №3 (175). – Б. 38-45. 2-қағидаг. Шежіре жырлардың басым көпшілігінің авторлары белгілі ақын-жыраулар және олар эпикалық сарында жырланады. 7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иә, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақ шежіре жырларының зерттелу тарихы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – 2020. – №9. – Б.274-278. 3-қағидаг. Жырмен жазылған шежірелер қазақ халқымен қатар, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ халықтарында кеңінен таралған; 7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иә, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Türk Halklarının Şecerecilik Gelenegi ya da Millî Bellek // Saltakova Zhanat, Mehmet Naci Önal, Albekov Toktar Kesimuly. – Millî Folklor, 130 (Yaz, 2021): 21-30. 4-қағидаг. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ шежіре жырларының шарықтап даму дәуірі болып табылады. 7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иә, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақ шежіре жырларының зерттелу тарихы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – 2020. – №9. – Б.274-278.</p>
---	--

		<p><u>5-қағидаг.</u> Халық ақындары шығармашылығындағы шежіре жырлар желі тартып, дәстүр сабақтастығымен бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иә, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақ эпостарының шежірелік сипаты. – Керуен. Ғылыми журналы. – 2022. – №2, 75-том. – Б.184-193.</p> <p><u>6-қағидаг.</u> Шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік мейлінше сығымдалып, тығыздалып беріледі.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иә, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақ эпостарының шежірелік сипаты. – Керуен. Ғылыми журналы. – 2022. – №2, 75-том. – Б.184-193.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік</p>	<p>Иә, әдістеменің таңдауы нақты жазылған. Ізденуші шежіре жырларды қарастыру барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, кешенді зерттеу әдістерін қолданған.</p> <p>Иә, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>
		<p>Иә. Мұндай эмперикалық талдау, әсіресе түркі халықтарының шежіре жырларын салыстыра қарастыру барысында жемісті нәтижеге ие болған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар,</p>

	<p>зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Ізденуші диссертациялық жұмыстың теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыруда тақырып бойынша фундаментальді еңбектерді кең көлемде қарастырған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Ізденуші диссертациялық жұмыстың теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыруда тақырып бойынша фундаментальді еңбектерді кең көлемде қарастырған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Тақырыпқа сәйкес ізденуші Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек кітаптар мен қолжазба қорларынан материалдар пайдаланған. Және шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық, методологиялық еңбектерін жетекшілікке ала отырып, мұқият қарастырады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты.</p>	<p>Тақырыпқа сәйкес ізденуші Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек кітаптар мен қолжазба қорларынан материалдар пайдаланған. Және шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық, методологиялық еңбектерін жетекшілікке ала отырып, мұқият қарастырады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә, диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері әдебиеттану, түркология, фольклортану саласындағы байланыстарды талдауға қатысты зерттеулерге үлес қосатындығы анық.</p> <p>Иә, зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жазылған жұмыс практикалық тұрғыда бағалы еңбек екені даусыз. Себебі, жұмыс нәтижелерін әдебиеттану бойынша оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтарды жазу кезінде, филология саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады:</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі отандық әдебиеттану ғылымында қазақ шежіре жырлары кешенді ғылыми зерттеу нысанына алынбаған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық рәсімдеу нормаларын сақтай отырып жазылған.</p>

Докторант Салтақова Жанат Тоқтарқызына «BD021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ шежіре жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы (авторлық жырлар негізінде)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты

Көпешкова Айнұр Аргынтайқызы

